



Алаш тұрасы

ТЕЛЖАН  
\_\_\_\_\_  
ШОНАНҰЛЫ



КАЗАКСТАН МЕДИА РАЙОНА  
БАНДАРЫНДЫК ЖӨНЕ АДАМЫРДА  
МЕННІҢ ТАРАЛЫУЫ



БАЙГЫЗДЫРЫЛЫП  
САЛЫЛЫМАНДА  
МЕМЕКЕЛДІК НЫЧІРІНДЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРАЛІГІ

ТЕЛЖАН

---

ШОНАНҰЛЫ

Мұралары

АҚТӨБЕ ОБЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ  
МҰРАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ  
МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯСЫ



# ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ

---

Шығармалар  
Мақалалар  
Зерттеулер



АЛМАТЫ "ЕЛ-ШЕЖІРЕ" 2011

**УДК 94 (574)**

**ББК 63.3 (5 Қаз)**

**Т 32**

Қазақстан Республикасы

Байланыс жөнө акпарат министрлігі

Акпарат жөнө мұрагат комитеті

021 “Әдебиеттің олеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”  
бағдарламасы бойынша шығарылды

**“Алаш мұрасы” сериясының редакциялық алқасы:**

Д. Әшімханұлы, Е. Әннес, С. Қасқабасов, С. Қирабасев, М. Қойғелдинев, М. Құл-Мұхаммед, Б. Омаров, С. Смагұлова

**Рецензент: т.ғ.к. Рахымжанов Ә.М.**

**Жауапты шығарушылар: М.Мырзагұл, Б.Мырзабай**

**Г 32 Телжан Шонанұлы мұралары** (шығармалар, зерттеулер жөнс макалалар). – Алматы: “Ел-шежіре”, 2011. – 368 б.

ISBN 978-601-7011-97-0

Бұл кітап екі болімнен тұрады. Алғашқы болімге қазақ халқының ардакты персенті, көрнекті ғалым, 1937 жылы жазықсыз жазаның құрбаны болған Телжан Шонанұлының бұрын жарық көрген “Қазақ жер мосеслесінің тарихы” атты сөнбегі енгізілді. Автор бұл сөнбегіндегі қазақтардың бұрынғы жер иелену тарихына, жерге деген қозқарасына, патшалық Ресейдің отарлау саясатына назар аударады. Ресей империясының ұлан-бантак қазақ жеріне ынтыға көз салу себебін, бұл жолдагы айла-шарғысын, құнғыркы саясатын жан-жақты дәлелдей келіп, оның ақыры неге апарып сокқанын, Қенес үкіметі доуірінде қазақтарды жерге қалай орналастыру керектігін көрсетеді. Сондай-ақ осы болімге телжантануышылар т.ғ.д., профессор Ә. Төкенов пен ғалым Б.Байғалиев өзірлеген, бұрын баспа берін көрмеген Т. Шонанұлының бірқатар сибектері енгізіліп отыр. Екінші болімде Т. Шонанұлының мұраларын зерттеушілердің макала, зерттеулері берілді.

Болашақта Т. Шонанұлы мұраларының онан өрі зерттеліп, жарық коретініне сене отырып, осы кітапты студенттерге, тарихшыларға, копшілік оқырманға ұсынамыз.

**УДК 94 (574)**

**ББК 63.3 (5 Қаз )**

ISBN 978-601-7011-97-0

© “Ақтөбе облыстық тарихи-модеми мұраларды қорғау жоніндегі мемлекеттік инспекциясы” ММ. 2011  
© “Ел-шежіре”, 2011

## **Қанат қаққанды** (Алғысөз орнына)

**Орынборда...**

Орынбор қаласы, губерниясы XVIII ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап жиырмасыншы ғасырдың басына дейін Ресей империясының қазақ даласын бағындыру, отарлау саясатын жүзеге асырудың кіндігі болды.

Осында қылышынан қан тамған жанарадл-губернаторлар үстемдік құрды. Оларды жоғары дөрежелі патша ағзамның өзі тағайыннады. Жанарадардың есімдерін тарихтан жақсы білеміз. Неплюев, Игельстром, Бахметов, Эссенъ, Сухатенъ, Перовский, Кателин... Жанарадалың ақ дегені – алғыс, кара дегені – қарғыс болды. Сырым Датулы, Жанқожа Нұрманбетұлы, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Есектібарұлы бастаған ондаған мың адам қатысқан ұлт-азаттық көтерілісін басу жолдары, жазалаушы отрядтардың маршруттарын сыйзу осы генералдардың пәтуа беруімен атқарылды.

Орынборда империяның Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне тікелей бағынып, оның құпия тапсырмаларын мұлтікіз орындайтын шекара комиссиясы астыртын жұмыс жүргізді. Санкт-Петербург, Москва, Қазан қалаларындағы жалпы жайларын қалдырып, қаншама миссионерлер Жайық жағасына орналасты. Григорьев, Ильминский, Алекторов, Мелиоранский – біз оларды оқызық, жаттадық, үлгі тұттық, “агартушылық” еңбектерін көп жыл бойы оқып, зерттедік.

Орыс казачествоның жүз мыңдан астам қолы бар, зенбірекпен, басқа да жойқын қарулармен, оқ-дәрімен қаруланған әскері де осы қалада, Жайық бойында орын тепті. Олардың қазақ даласына жасаған тағылық әрекеттері, ұлт-азаттық көтерілістерін жаншып басуы, жанарад Перовскийдің Хиуа сапарында жолы болмай, қайтарында жазықсыз қазақ ауылдарын қырып жоюы – бәрі-бәрі әлі есімізде. Тарих құжаттарында казачествоның бет-пердесі, жаратылысы жайлы жаңа беттер жазылып жатыр.

Казачествоның барша болмысын өшкөрлөген мына жолдар тап осы жерге қонжия қалатын сияқты: “Оралдық – жайықтық, казактар орыстың бейбастақ, қарақшы қашқындарынан; озендер мен үлкен жол бойындағы босқындарынан; орыс мемлекеттің қылмыстыларынан; үйсіз жүрген әртүрлі қандыбастарынан және XV ғасырда Жайық өзені бойын паналап жасырынып жүрген қашқын-пысқындар, татар-қалмақ, башқорт пен сол кездегі орыс үкіметтің қудалауынан, тіпті жазалау заңынан бас саугалап жүргендерден топтасып жиынтықталған болатын. Орал-Жайық казактары дәл мағынасында оздерінің шығу тектері жағынан Ставрополь қалмактары сияқты Орынбор өскери шебінің казактары деп аталатын орыс жұрты саналады”. Бұл жолдар қазактың заманындағы білгір зиялыштардың бірі М.Салық Бабажановтың 1860 жылғы жазбаларынан алынды. (“Жұлдыз”, N 2, 1994 жыл, 178-бет).

Петр патшадан басталған құйтүрк қаясаттың, дәлірек айтсақ, басқа халықтарды орыс ырқына кондірудің, православие дінінде кіргізудің штабы да осы Орынбор қаласы болғаны белгілі. “Қырым соғысынан кейін орыс үлтшылдығының күшесінде, зиялды орыс қауымы өкілдерінің алдына империяны күшітту үшін озге халықтарды орыстандыру керек деген міндет қойды. Бұл пікірді жақтаушылар орыстар мен орыстар еместерді жақындастырудың, соңғыларының орыска деген ықыласын аударудың бір жолы орыс тілі мен моденістін оларға күштеп тану, сол арқылы христиан дінінде кіргізу деп есептелді. Орыстандыру мемлекеттік қаясатқа айналды”. (Р. Пирс, Канада тарихшысы).

Ібыйрай Алтынсарин еңбектерінде есімі жиі кездессетін, кеңестік педагогика жүйесінде үлгі стіл ұсынылған, қазактарды ғылым-білімге баулуға шексіз еңбек сінірген деп уағыздалған Н.А.Ильминский кім еді? Ол “христиан дінінде уағыздаушысы, орыс үлтшылдығымен барып тұрған кертарапалықты бойына сінірген адам. Ол орыстандыру қаясатын жүзеге асырудың корнекті қайраткері. Ол қазақ даласында мектептер мен басқа да оку орындарын үйимдастыру арқылы орыс отаршылдық қаясатын іске асырды”.

\* \* \*

Орынборда бірнеше рет болып, оның негізін жанарап-губернаторлар қалаган архив-құжатханасында еңбек стксім бар. Сонда бір папкадан жанарапдар жайлы естеліктеге көзіктім. Оның авторы отставкадағы генерал И.В.Чернов корген-білгендерін, озі күә болған жайларды құнделігіне

жаза берген екен. “Каримов-Хусаиновтар” баспасы Чернов жазбаларын 1907 жылы кітап стіп басып шыгарған. Осы кітаптың қайсыбір тұстарына коз жүгіртіп көрелік.

“И. И. Неплюев (1742-1757) был разумный, деятельный, но строг по жесткости в исполнении своих приказаний. Он строгими мерами усмирил второй бунт башкир казнями, им самим придуманными. Он приказал построить на льду р. Сакмары, когда она замерзла, избу, потом выкликивались из собранных по именем башкиры, замеченные в неблагонадежности, для допроса. Как только башкир входил в избу, стоявшие внутри солдаты спускали его в проруб подь ледь. Таким образом исчезли с лица земли все входившие и возвращающиеся не было...

Эта мера была принята после повеления сажания на коль и телесного наказания к тем бунтовщикам, которые не попали в руки правительства.

Г. С. Волконский (1803-1817) – человек старый, но способный для боевой службы, со странностями и привычками.

Ходил по городу в ночном калпаке, спальной куртке и простых пантолонах. При встрече с женщиной, если была молодая, красивая, и целовал ее, давал денег, которых за ним носил лакей или камердинер, иногда далеко уходил за город, уставал и подсаживался к проезжающим с возами крестьянам...

П. П. Сухотень (1830-1833) – более всего придавал значение образованию инородцев, через которые они могли сближаться с русскими, усвоить общий взгляд образованных людей на цель жизни и выйти из-под влияния фонатического магометанского духовенства (қандай арам пінғыл). Обученные медицине молодые магометане могли бы лечить своих единоверцев, обращающихся за помощью к муллам и ишанам, проводившим всегда во всем свой взгляд, основанный на ложном толковании корана.

По его ходатайству последовало высочайшее соизволение на открытие 20 стипендии при Казанском университете для магометан Оренбургской губерний и отпуском из казни 12 тыс. рублей..."

Осы кітапта патша ағзамның жарлығымен Орынбор губерниясын билеген негізінен үлті неміс, бірақ орыстанған генералдардың қызықты да шынайы портреті берілген. Бірі жауыздығымен, қайсыбірі қатынжандылығымен, жезокшелігімен есте қалды.

\* \* \*

Жеті-сегіз жыл бұрын Есеп Котібарұлы бастаған үлт-азаттық көтерлісіне байланысты құжаттарды іздестіру мақсатында Орынборда болғаным бар. Сол жылы он күн бойы ескі беттерді аударыстыра отырып, орыс отаршылдығын әшкерелейтін коптеген деректерді кездестірдім. Қажеті болар-ау деген оймен қайсыбірін жазып алғанмын. Енді сол жазбалар іске асқалы отыр.

XIX ғасырдағы үлт-азаттық көтерлісінің косемі, кандастары, ата бастары үшін ардақ тұтылып, тоу етілетін, ұтының, халқының төуселсіздігі үшін курескен зор тұлға Есеп Котібарұлына отаршылдар кезінде “разбойник”, “дикарь”, “мятежник”, “чайка”, “хищник”, “беглец” деп айдар таққан.

Орынбор шекаралық комиссиясы Азия Департаментіне әр жыл сайын есеп беріп отырган. 1855 жыл бойынша жазылған есепте қазактар арасында 6 үрләқ-қарлық, барымта тіркелгені, 5 адамның үрланғаны, 14 адам олтірілгені, 135 ірі қара үрланғаны, екі адамның олігі табылғаны, 10 қырғыз бен 2 қырғыз (қазак) ойелінің православие дініне кіргені, қазактар арасынан тұтін салығынан қанша қаржы түскені жөнө басқа да жайлар төтіштеп жазылды.

Осындайда жазушы, тамаша тарих зерттеушісі К. Салгариннің мына пікірі ойга оралады: “отарлаушы ел атаулы отарланушы елдің неге салт-достүрін оны сактайтын санасын жоюға ынталы. Әйткені салтынан айрылған халық халықтығынан, дәстүрінен айрылатын ел елдігінен айрылады. Айтқанына коніп, айдағанына жүрелі. Ал керісінше, халықтық салт-достүрінен айрылмаған ел тамыры кесілмеген осімдік секілді қанша езіліп, жаңышылғанмен қолайлы жағдай туса болды, қайта коктеп, жетіліп кете береді”.

Ғасырларға созылған бодандық омірде ана тілі солғындаған, діні жаңышылған, салт-достүрі озгерістерге ұшыраған, тарихының коптеген беттері ошірілген қазақ халқы “қанша езіліп жаңышылғанмен” төуселсіздік таңы атып, күні жарқырап туғанда тілін де, дінін де, ділін де, тарихын да калпына келтіріп жатқанының қуосі болып отырмыз.

\* \* \*

XX ғасырдың басындағы Орынбор қаласы, Ақжайық бойы осымен бірге С. Торайғыров жырлагандай “қараңғы қазақ когіне ормелеп шығып, күн болғысы келген” үрпақты үлттық бірлікке, онер-білімге шақырған рухани орталық ролін аткарды. Халқының болашагын ойлай білген, ертеңін зор сеніммен қараған үлкен шоғыр үркөрдей жарқырап алға

түсті. Олар білімді, зерделі азаматтар еді. Өмірдің қазанына қайнаған, онды-солды игерген, азаттық күрес жолын таңдаған тұлғалар еді. Бірінші дүниежүзілік соғысының алдында, Қазан тоңкерісінен коп бұрын, 1913 жылдан бастап А.Байтұрсынов, Ә. Бокейханов, М.Дулатов бастаған марқасқалар “Қазақ” газетінің тоңірегіне топтасты. Осы газетте екі ғасыр тоғысындағы қазақ ортасының саяси әлеуметтік хал-жайының ең кезек күттірмейтін мәселелері, жер, ойел тенденциялары, оқу-білім, дін мен тіл турасындағы құндылық, откір мақалалар жарық көрді. Қалың жүртшылық, ана тіліндегі басылымның әрбір санын асыра күтіл, оны бағдаршам ретінде қабылдады.

Газет бетінде А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бокейхановпен бірге Ш.Құдайбердиев, М. Жұмабаев, С. Донентасев, Б. Майлин, С. Торайғыров, Қ. Жұбанов, Ф.Қараашев, Б. Серікбаев, Қ. Коңыратбаев сияқты ондаған авторлардың өр түрлі тақырыптары үлкенді-кішілі макалалары жарияланды.

“Қазақтың шаруасына бір жақтан нағандықтан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін коріп тұрғандар басынып, елдігінен, тенденциен қалдырып, тиісті сыйбагасына қиянат істеп тұрғаны санағы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетиегендігі тендендікке жеткізетін, өлсіздерге күш беретін онер-білім, сол онер-білімге мезгіл өтпей тұрғанда үйренесек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жанышылмас едік, біз де алдымызды бір жүрт екенимізді білдірер едік”, “орысша оқу орыс қолтығында тұрған жүртқа керек, казақша оқып, жаза білген соң шама келгенше орысша да білу керек”.

Мінс, осындағы қайшылығы мол шаһарда торт жыл бойы тұрып, қаланың кітапханаларында коз майын тауыскан, батыс-шығыс, орыс әдебиетінен сусындаған, нәр алған қазақ оқығандарының бірі, арага он бес жыл салып, есімі білім-ғылым когінде жиі аталатын тұлға біздің кейіпкеріміз – Телжан Шонанұлы бар еді. Өзі туып-оскен Үргызыдаласынан жырақта жатқан Орынбор Телжан және оның замандастары үшін үйрену, ессею, қалыптасу мектебі болды. Арага жылдар салып ол осында қайтып оралады. Екінші рет ол Қазақ Автономиялы Республикасының алгашқы астанасы – Орынбор қаласына келеді. Бұрынғы студент енді ауылдастары арасында торт-бес жыл үстаздық сткен, омірлік тәжірибесі молайған азамат Телжанмен кездесsemіз.

\* \* \*

## Ауыл мұғалімі

Серіз жылға созылған оқушылық, студенттік омір аяқталды. Торт жылын Ырғыздағы орыс-қазақ училищесі кабырғасында, одан кейін Орынборда откізіп, ауыл мектебінің мұғалімі атанған 22 жастағы Телжан үлкен шаһармен кош айтысып, құнарлы топырақ, құтмесекен, озі туып-оссан, ит қойлегін төздөрған Ырғыз бойына қайтып оралды.

Ілкіде Орынборда қазына есебінен оқығанын айтып откенбіз. Мұның өз бетімен оқудан ерекшелігі – оқу-білімге жұмсалған қазына қаржысын алты жыл бойы ауыл мектебінде табан аудармай сабак беру арқылы актау еді. Сол кездеңі ақынамен торт жыл оқығаны үшін 480 сом қаржы жұмсалыпты. Бұл, әрине, қазіргі құны түсіп кеткен теңгеден де, АҚШ долларынан да бөлек баға. Әйтеуір сол жылдары құнан қойдың құны бір сом елу тыын – екі сомға бағаланады екен. Сонда бір жылғы оқудың бағасы шамамен 60-70 қойдың құны.

Кеңестік білім беру жүйесі қайсыбір жағдайдан патшалық Ресей тұсындағы тәжірибелерді сол қалпында кошіріп алғанға үқсайды. Мәсслен, Тоуелсіздік таны атқанға дейін институт төмәмдаған жас маман зуелі салалық министрлік, содан соң оның облыстық басқармасы арқылы ауданға, одан колхоз-совхозға жолдамамен барып, екі жыл сәбек ететін. Сойтіп актөбелік Қостанайға, қостанайлық Семейге, маңғыстаулық Оралға барып, сәбек ететін. Екі жылда қайсыбірі сол жерге сініспіп, үйлі-қүйлі балалы-шагалы бол үлгерсе, тұрақтан та қалады. Ал ауасы, сұзы жақниса, туған ауылына оралып, кеңеслерді біраз торып жүріп жұмыс алады.

Бетінде тек қана “торт” пен “бестік” бағалары бар диплом алған жас Телжан, архивте сакталған құжаттарды негізге алып сойлесек, Ырғыз бойындағы Тоқырауын болысының З ауылында Қасым Әбдіхановтың мектебінде мұғалім бол сәбек етеді. Бұл 1916 жылдың жазы бітіп, күзі басталар шақ. Бұрынғы жергілікті басқару жүйесі бойынша Тоқырауын болысына енген ауылдар жаңа кеңестік жүйеде қай ауылдық Совет болғанын қанша сұраганмен анықтай алмадық. Шамасы Телжаниның өзі туып-оссан Аманжол ауылынан қашық болса керек.

Орыс-қазақ училищесі, кейін Орынбордағы учительдер институты қабырғасында Телжан орыс тілінде білім алады. Орыс тілі мен әдебиетінен, орыс тарихынан, арифметика мен геометриядан, жағрафиядан, жаратылыстанудан, басқа да наңдерден дөріс оқығандар арасында бірде бір қазақ

ұлтының оқілі болған жок. Жөне де ешбір оқулық қазақ тілінде “сойлеген” жок. Ал мұсылман діні пәннен татар сабак берді.

Байтақ Ұрғызыдаласы патшалық кезеңде, одан кейінгі 70 жылдық тарихы бар кеңестік билік түсында да орыстаппайру саясаты қанша күштегімен, негізінен қазақ ұлтының консы болып қала берді. Әр жылдарда келіп қоныс тепкен орыс мұжықтары, өзбек саудагерлері, казачество өuletі байыргы халықпен тіл тауып омір сүрді: қазақ тілін, салтын үйренип, құда-құдандалы болды.

Професор Әбу Тәкенов “Телжан Шонанұлы қазақ бастауыш мектебінің теориялық, әрі практикалық негізін қаласты” деген оте орынды әрі иланымды пайымдау жасайды. Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде қазақ жұртшылығы балаларын мектепке оқытуға тегіс бет бүрді, үрпағын сауатты етіп төрбиелеуге жиған-тергенін, мал-мұлкін аяган жок. Осы кезеңде әрбір ауылда, тіпті 5-6 үйі бар қыстакта да бір жылдық, екі жылдық мектептер үйімдестірылып, жұмыс істей бастаған.

Орысша білім алған Телжан Н 3 ауылда Ұрғызы бойының қара домалактарына олардың ана тілінде сабак бере бастаған. О заманда оқулықтар жоқтың қасы, корнекі, одістемелік құралдар атымен жок кез. Газеттерді мақалаларды, сұң алдымен озі торт жыл бойы оқушысы, мүмкін авторы болған “Қазақ” газетінде жарияланған мақалалар ауыл мұғалімі Телжанның жиі пайдаланылатын “корнекі құралы” болған шыгар.

Қазақ педагогикасының реформаторы, ұлы ғалым А. Байтұрсынов озінің 1913-1915 жылдары “Қазақ” газетінің беттерінде жарық корген “Бастауыш мектеп”, “Мектеп керектері”, басқа да сибектерінде дәлелді, әрі жан-жақты жауап берді. “Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек?”, “Ол мектептердің қажеті не?” деген сауалдарға жауап ізден, тауып алды, бұлтарптайтын тұжырым жасады:

“Правила бойынша, қазақ тілімен, қазақ әрпімен бастан оқыт деп отырған балалардың ата-анасы жок, халықтың оз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң учительдер өз беттерімен ана тілімен, үлт әрпімен оқытамыз дей қоймады. Сойтіп правила қазақ жүзінде бар болса да, бәрі де үкімет оз пайдасын коздегендіктен істеліп тұрған жайлар. Бастауыш мектептер жалғыз үкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек. Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жауда болды, ор халыққа да керегі оз діні, тілі, жазылуы сакталды. Солай болған соң бастауыш мектеп әуслі миссионерлік пікірден, политикадан алыс болуға керек,

ягни қазактың діні, тілі, жазуы сүмдүк пікір, сұық қолдан тыныш боларға керек”.

Бұл іргетасын Ильминский, Алекторовтар қалаған орыстандыру саясатына көреғар пікір, салмақты дәлел. Ақыры Ахан қастаған реформатор топ оз дегеніне жетті де. Бастауыш мектептер қазақ баласына озінің ата-баба тілінде білім беруді жолға қойды. Ахандың озі онынышы жылдардан бастап, ауыл мектебіне сабак берді, ғасыр басындағы агартушылардың борі дерлік ауыл мектебін мөн берді, 1917 жылдан бастап Алашорда үкіметінің қаулысын жүзеге асырып, алғашқы қарлығаш мектептерге оқулықтар жазумен айналысты. Мөселен, ең бірінші география оқулығын Телжан Шонанұлы тұзғен болатын.

Телжан 1916-1921 жылдар аралығында ауыл мектебінің қатардағы мұғалімі бола жүре, тек сабак берумен шектелмей озінің болашақтағы ғылыми-зерттеу еңбегін бастап кеткен сияқты. 1922-1938 жылдар аралығында жарық корген отыздан астам оқулықтар, жүзге тарта мақалалар, архивте жатқан беймөлім еңбектер Ырғыздың киелі, құнарлы топрагында жазыла бастады-ау деген ой еріксіз жетелейді.

Заңғар жазушы Шыңғыс Айтматов аса бір тапқырлықпен, ерекше сезіммен, ұлттық мақтанышпен суреттеген “Дүйшеннің мектебі” жиырмасыныш жылдарда қазақ даласында ондап, жүзден ашылып, сусап қалған, шол қысқаң халқын білімге баузыды, мәдениет биігіне жол салды. Ахандар, Міржақыптар, Телжандар, Халеддер, Магжандар.... ашқан, сабак берген, қанатымен су сепкен алғашқы бастауыш мектептер негізінде араға жылдар салып, жетіжылдық, кейін онжылдық мектептер ашылды. Тұңғыш қазақ орта мектептері 1936-1939 жылдары алғашқы шоқірттеріне омірге жолдама берді.

Ғабит Мұсірепов бір өнгімесінде озінің алғашқы үстазы Бекет Өтетілеуовкес жылы соғ арнаиды. Ақтобенің коптеген карттарынан – С. Мұқашев, Н. Нұрпейісов, А. Ділманов жөне басқаларынан Т. Шонанұлы жайында, оның 20-30 жылдарда жарық корген оқулықтары жонінде айтқан пікірлерін ілгеріде атап откесмін. Қаншама уақыт отті, қаидай оқиғалар болды, адам есінде коптеген жойттар сакталғанда бермеген гой.

Телжанның “Жағрапияның алғашқы сабактары” атты мақалалар топтамасы “Жаңа мектеп” журналының алты санында қатарынан жарияланған екен. Шамасы бұл кейін жарық корген жағрапия оқулығына тарау болып сиғен болса керек. Бастауыш мектепте сабак берсе жүріп ана тілінің одістемесі жайлы қалам тартқанға үқсайды. Өйткені, ол

жыырмасынцы жылдардың бас кезінен бастаған “Ақжол”, “Жас қазақ”, “Еңбекші қазақ” газеттерінде, “Қызыл Қазақстан”, “Жаңа мектеп”, “Әйел тәндігі” журналдарында, бақса да басылымдарда төлімдік-әдістемелік мақалаларды жиі жариялан турган.

Жалпы Ахмет Байтұрысұнов бастаған бұл шоғыр дарындылығымен, алғырлығымен, бірсөздігімен көзге түскен, ылғы “сен тұр, мен атайын” тұлғалар еді. Ахан “Тіл құралын”, “Оку құралын” түзсе, М. Дулатов “Арифметиканы”, М. Жұмабаев “Педагогиканы”, Ж.Аймауытов “Психологияны” ..... жазды.

М. Жұмабаевтың 1922 жылы басылып шыққан “Педагогика” оқулығы мына сөздермен ашылады:

“Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім.

Еліміздің алғаш жылдық, ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі.

Бірге оқысқан, бірге оқытысқан жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері!

Колымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам”.

Автор Рубинштейн, Скворцов, Смирнов педагогикасын пайдаланғанын, бақса да төрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға үмтүлғанын, шамасы келгенше қазақ жанына қабыстыруға үмтүлғанын жасырмайды.

“Педагогиканы” “Ана тілі” баспасы 1992 жылы қайта басып шығарды. Осы 156 беттік кітаптың құндылығына, ой тереңдігіне коз жеткіздім. Әттең, тек бүтінгі қазақ мектебі олі де батыстық, орысшыл педагогикага бой берумен шектелуде. Университет, педагогикалық колледждер бағдарламаларына Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев еңбектерін батыл сінгізетін уақыт жетті.

Т. Шонанұлының география оқулығы сақталмағанмен оған тарау-тарау болып енгес жеке мақалалар “Жаңа мектеп” журналынан алынып қайта жарияланса, болашақ география пәні мұғалімдері үшін құнды әдістемелік құрал болуға жарар еді.

## Тіл тамыршысы

Мұхтар Әусевовтың он екі томдық толық шығармалар жинағына енбей қалған бір мақала 1989 жылы жарық корді. Шындығында ол коммунистік- тоталитарлық саясат үстемдік құрган кезеңде жария стүге болмайтын еңбек еді. Осы

мақаласында 26 жастағы әдебиет зерттеушісі қазақ зиялышарының рухани дем берушісі Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығына лайыкты, жоғары баға берген. “Ахаң еңбегі жаңған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахаң мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа осіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханұды өзінің басшысы дес санайды. Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды, олде болса өмірінің үзақ болып, еңбекінің онімді болуын тілеуден қазақ баласы қайтпайды”.

Осы мақалада “Қазактың ерте оянған тобы” деген тіркес бар. Олар кімдер еді. Профессор Мекемтас Мырзахметұлы ояну доуірінің әдебиеті жайлы ойын тұжырымдай келе оған Ахмет Байтұрсынов бастаған дарынды топты кіргізеді. Шығармашылығына, кейінгі үрпаққа мұраға қалдырган еңбектеріне қарап Телжан Шонанұлын Ахмет тобына ешбір ойланбастан кіргізуғе обден болады. Басқаша болуы мүмкін емес.

КазПИ (қазіргі Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті) архивінде сақтаулы тұрған Аханұның өз қолымен толтырылған (1929 жыл, 5 мамыр) “Газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі” деген құжатта.... 14. “Оқу құрал”, хрестоматия (нұсқалық “Шонанұлымен бірлесіп жазылған”) деген жолдарды оқисыз (“Ақжол”, Жалын, 1991, 10 бет). Қалың оқулықты білім деңгейін катар, ғылымда қол ұстасып омір сүрген адамдар гана жаза алады. Осы пікірге қосылуға да, қарсы дау айтуға да болар. Ұстаз бен шөкірт те ғылым өлемінде достасып кетеді емес пе.

Орынбордағы торт жылдық мұғалімдік мектепті балаштардың алды болып бітірген 19 жасар А. Байтұрсынов “ел ортасына барып, қазақ балашарын оқытпақ ниетімен Ақтобе уезі Батпакты болысындағы Ахметкерей Копсабаковтардияң ауылындағы мектепке барып оқытушы болады” (М. Әуезов “Аханұның 50 жылдық тойы”. “Бес арыс” кітабында. 188-бет).

1990 жылы “Білім баспасы” Р. Сыздықованың “Ахмет Байтұрсынов” деген зерттеуін жарыққа шығарды да, біз осы кітапқа “Ақтобе” газетінде пікір жаздық. Кон ұзамай редакцияға Қандығаш қаласынан хат келді. Онда А. Байтұрсыновтың Батпакты болысында мұғалім болғанын раставай келс, хат авторы жас Ахметтің түп нағашыларының (әңгіме Ахметкерей Копсабаков жонінде болып отыр) шақырумен келгенін жазыпты. Кейін Алға ауданына сапар шегіп, қаланың іргесіндегі сол кездегі “Коммунист” колхозының шетіндегі тогайлықта ескі үйлердің орнында болып,

кариялардың айтуынша Ахан сабак берген мектеп осы тұста болғанын анықтадық. Қоғамдық пікірge құлақ асып, колхоздың орта мектебіне ғұламаның есімі берілді. Алға мен Үргыз Ақтөбе облысының екі ауданы. Жас мұғалім Алға жерінде үстаздық құрған жылдары алыстағы Үргыз озені бойында дүниеге аяулы ағасының болашақ шоқірті, үзенгілес інісі Телжан келді. Арада жылдар отіп, олар халқына бірге қызмет етті.

\* \* \*

С. И. Ожеговтың “Орыс тілі сөздігінде “лингвистика – наука о языке, языкознание”, ал “лингвист-специалист по лингвистике, языковедению”, – деп түсіндірлген. Телжан қазақ тілі білімінің орны болек маманы, шоқтығы биік, білімі терсөң, осы саладағы саусақпен санайтын біртуар галымның бірі екендігіне шек келтірудің енді реті жок.

Ғалымның тіл білімі саласындағы ғылыми мұралары сан алудан әрі колемді және борі кезінде баспа жүзін корген, жеке кітап болып басылып шыққан. Ұлттық ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор, еліміздің санаулы библиографтарының бірі Ш. Сарыбаевтың деректеріне сүйене отырып, Шонанұлы қаламынан тұган енбектеріне оқушы назарына ұсынуды жөн көрдік.

Ш. Сарыбаев ғалымның тіл білімі саласындағы енбектерін созбен төрт салага жіктеп берген.

1. Әліппе оқулықтар – “Жаңалық” (1928 жыл), “Саяттан” (1929), “Колхоз ауылы” (1930, мұны М. Жолдыбаевпен бірігіп жазған).

2. Бастауыш сыныптарға арналған тіл дамыту оқулықтары “Тіл дамыту” (1930), “Қазақ тілі” (грамматика мен емле 1934), “Жана арна” (1927, М. Жолдыбаевпен бірігіп жазған).

3. Ересектерге арналған қазақ тілі оқулықтары “Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы” (1928).

4. Орыстарға арналған қазақ тілі оқулықтары – “Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы” (1926), “Орыстар үшін қазақша әліппе” (1931), “Қазақ тілінің оқу құралы” (1933), “Учебник казахского языка для взрослых” (1934).

Әнебір жылдары “Қос тіл – қос қанатың” деген ауруға шалдығып, қаулы шығарып, үйрмелер құрылып, жогарыға есеп беріп, тірі әүреге қалдық емес пе. Оқулық та, создік те, қазақ тілін “орыс тілділерге” үйрете қоятын мұғалімдер де жетіспеді. Жиырмасынши жылдардың зиялышары қазақ тіліне мемлекеттік мөртебес берілгенде, озге ұлт оқілдеріне

комек ретінде оқулықтарды өте тез арада жазып шығқанына козіміз жетті гой. Ш. Сарыбаев ағаның Шонанұлы жайында айтқанында, “Орыстарға қазақ тілін үйрету мақсатымен оқулық жазып, бағдарламалар карастырып, зор сібек сініргендігі, ана тілін өзге жүрткә оқытудың әдістерін баяндайтын мақалалар жазуы...” деген тұжырымына алып-қосарымыз жок. Аталған оқулықтарда теориялық пайымдаудан горі, тәжірибелік жаттығулардың басым болуы – оның сібектерінің жағымды жағы болса керек.

Қазақша әліппелер Қазан тоңкерісінің қарсаңында немесе одан кейінгі жылдарда жазылды, ал бастауыш кластарға арналған кітаптар жиырмасыншы жылдардың басшеннінде жарық көрү ықтимал.

Корнекті лингвистің қаламынан туған оқулықтардың үзын саны отыздан асады, ал мұның сыртында баспа жүзін көрген, газет-журналдарда басылған жүзге тарта ғылыми мақалалар және бар. Бұл өзірге анықталғаны ғана.

Бүгінгі қазақ мектебі қазақ тілі бойынша жазылған әдістемелік құралдардан сусап отыр. Оларды бастыру үшін қағаз да, қаржы да жоқ деп құтыламыз. Ал олар оз дегенін істеп жатыр. Мектеп партасында отырган бүгінгі окушы күні ертең-ақ бір мамандық иссі болатынын ескерсек, әдістемелік оқулықтардың жетіспеуі себепті оның білім дөрежесінде де кемістік кобейе береді гой. Шонанұлы ана тілін оқыту жүйесін бір ізге, жүйеге қою мақсатын қоздең, түрлі-түрлі әдістемелік еңбектер де жазған адам. Ол “Жаңалыққа жетекші”, “Диаграммалар – графиктер қандай болады” атты кітаптарды жазып шығарды. Сонымен бірге, орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында, ересектерді сауаттандыру жолдары жонінде колемді мақалалар қалырды.

1935 жылы сол кездегі республикаға есімі танымал әдіс-керлер С. Жиенбаев және Ф.Бегалиевпен бірлесіп, Телжан “Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі” деген сібегін жарыққа шығарған. 1926 жылы жарық көрген “Оқу құралының” (хрестоматия түрінде) мұқабасында авторлары А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы деп жазылған. Колемі 412 бет. Бүгінгі филология факультеттеріне пайдалы осы оқулықты көп тиражбен басып шығарса деген ұсынысымызды жасыра алмаймыз. Бірлесіп жазған оқулықтар, аса құнды кітаптар аға мен іні үндестігінің айқын мысалы сияқты қоңыраулатып тұрады емес де.

\* \* \*

“...Тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық, біріншіден, үлттық бет-бейнесінен айрылып қалады, екіншіден, рухани, мәдени тозғындауға ұшырайды. Тілеіз, сөзіз ақыл мен ойды қозгай алмайсың. Ал ойсанасыз сөз жоқ. Яғни, сойлей білмесе, адамның хайуанин айырмасы аз”. – Телжан қаламынаи туған бұл пікірлің жазылғанына да жетпіс жыл отіпті. Ғылымның тіл білімі саласындағы сан-саналы әрі колемді еңбектері арқылы ана тілді корғауда, дамытуда, оны халқының рухани құралы ретінде сактауға қосқан үлгісінің салмақтылығына ешбір шүбө келтірмейсін.

Шонанұлы қазақ тілін дамытуға Ахмет Байтұрсынов қосқан үлесті зор бағалайды. Оған “бізге тілдің терендігі мен шеберлігін, тіл моденистінің мөнін, қасиетін дәлелдеп, тілімізді құрметтеуге мәжбүр етті, оның (Байтұрсыновтың) тіліміздің тазалығы мен дербес омір сүруі үшін құресі бұл саладағы аса зор еңбегі – кеңінен мәлім, кім-кіммен болса да бар”, – деп үстазы алдында бас иеді.

Қазақ лингвистика ғылымының бастауында тұрған тұлғаның аяулы халқының жазу, сыйзу онері болмаған кездердегі жазған пікірлері коніл аударапты: “сорымыздың зары ана тілімізде, оқып – білім алудың тұтқасы дүмше молдалардың, кашқындар мен Хиуадан, Караптактан, Бұқарадан, Түркістаннан, Қазаннан, Сейітшілер тобы мен Стерлитамақтан ақшалмадан басқа түгі жоқ келімек оқымыстысымақтардың, тәрбислеудің қарапайым жон-жосын да білмейтіндердің тізгінінде кеткені еді. Олар балаларды соқыр сеніммен арбап, діни ілімге оқытып, ата-аналарды тозақ отына молланың шыбығы жер тиғен жер тимейді дегенге иландырып, жас шыбықтай солқылдаған жас Үрпактың жаңын да, төнін де кинап азаптады. Олар молданың қолында сырттай сыпайы, кешірімді корінгенімен, іштей тасбауырлық, түйін байлаң, кектеніп ости.

Ол өз омірінің балауса күндерін еске алып, “бала кезінде ауылда бағынышсыз мектеп болғандықтан, пристав келе жатыр дегенде сабанның астына үңгіп тығыламыз деп тұншығып оліп қала жаздағанын” жазады.

Телжан бір еңбекінде Байтұрсыновтың алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектептерін бір жағынан дүмшес молдалардан, екінші жағынан патша миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет еткенін атап корсетеді. “Бұл жолда Ақаң алғашқы ағартушы болды. Оның жаңа қазақ алфавитін жасауы іс жүзіндегі ішкі жөне сыртқы жауяларымен құресінің корінісі болатын.... Ахметтің жаңа алфавиті, жаңа әліппесі біздің жаңа оркендеуімізге зор

пайдасын тигізетін құбылыш еді. Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына мүмкіндік туғызыды, әлемдік мәдениетпен араласа түзу жолын жеңілдете түсті..., халық мектептерінің оркендеуі жолында алып адым жасаганы анық”.

Мінс, осылай үстазы тындырған істі, халқымыз тол моденистіне Ақаң қосқан үlestі мадактап, ерекше ілтипатпен, ак конілден қалам сермен Телжан Шонанұлы тіл білімі саласында он бес жылға таяу уақыт, яғни жалған айып тағылып, атылғанына дейін адал қызмет етті.

\* \* \*

Қазақ жазуы Кеңестік билік тұсында үш рет озгеріске ұшырады. Барлық түрік тілдес халықтар сияқты қазактар өз жазуын жүздеген жылдар бойы араб алфавиті негізінде түзеп еді. Бірақ тағдыр солай жазып, жиырмасыншы жылдарда араб жазуын латынға кошру жонінде қызу айтыстар жүрді. Оған халқымыздың иғі жақсы үлдары – ғалымдары, қоғам кайраткерлері қатысты.

1924 жылы маусымда Орынборда басталған қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде осы бағытта кең пікірлесу болған. Осы съезге А. Байтұрсынов “Әліпби” тақырыпты баяндама жасайды. Ол түркі жүртіңиң қолданып келе жатқан Әліпбі (жазуы) бар екенін, оны бастап, басқа графикага кошу онтай емес деген пікірін білдіреді. Әліпби (графика) қандай қасиеттерге ие болу керек деп, қазақ халқы қолданып отырған, икемделіп өндөлген (реформаланған) араб алфавитінің оң сипаттарын (қасиеттерін) дөлелдейді де, Латынға кошқенде латын алфавитін қолданушы Европа халықтары тіліне түркі жүрттарының қатысы жоқ дей келіп, “латын әліпптерін тұтынған (европалық) жүрттар орыстың орнында болып, аузына қарап балаларымызға тілін үйретіп отырған жүрттар болса екен...

“Онда алуға мағына бар дер едік”, – деп ойын орнықтыра түседі. (Қараңыз: Р. Сыздықова, “Ахмет Байтұрсынов” “Білім” қоғамы, 26 бет, 1990 жыл).

Осы пікірталасқа белгілі жазушы Міржақып Дулатов та қатысады. Ол өз пікірін баяндай келе “..латында шабылып, шығындалып ала қоятында пайдасы көрініп түрған жоқ. Қайта зияны бар дейміз” немесе, Телжан баяндамасында (Шонанұлы да негізгі баяндамалардың бірін жасаганы ғой) араб әріптерін озгертуенде 14-і ғана озінің бұрынғы түрінде іске жарайды, озгесінің борін арабшалар жанынан шығарып отыр. Латын әрпін алсақ мұның 4-тен бірі ғана озгертіледі, қалғаны бұрынғы күйінде іске асады дейді”, – “... Телжан

Қазақстанда жаңа жобаның әріптері жоқ дейді. Біздің баспаханаларымызда латын әрпі бар ма екен?” “латыншылар (...Телжанның баяндамасында мықты дәлелдерінің бірі – араб әрпі қымбатқа түседі, онымен басқан кітап, газеттеріміз қымбат болады дейді ... осы сияқты дәлелдер айтады (М.Дулатов. Шығармалары. “Жазушы” баспасы, 1991 жыл, 323-324 беттер).

Алфавит жоніндегі пікір сайысы бұл съезден шектелмейді. Р. Сыздықованың деректеріне сүйенсек, Бақуде 1926 жылы ақпанның 26-нан наурыздың 10-на дейін Бүкілодактық I-ші түркологиялық съезд откізілді. Оның күн төртібіне түркі халықтарының жазуы, орфографияның негізгі принциптері жөнс олардың әлеуметтік мәні, терминология мәселелері, түркі халықтарының тарихы, этнографиясы, ана тілін оқыту методикасы т.б. мәселелер қойылған. Оның негізгісі кеңес одағын мекендеген түркі халықтарының бәрінің латын алфавитіне кошул жөнінде болды. Осы төңіректе съезде қызу айтыс өрбіген. Съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Әзиз Байсейітов, Білол Сұлеев, Нәзір Торекұлов делегат болып қатысқан.

Бақудегі пікірталасқа А. Байтұрсынов баяндама жасады, ол бірнеше комиссияларға сиді, съездің торалқасында болды. (қараңыз: А. Байтұрсынов “Тіл тағылымы”, “Ана тілі”, 1992 жыл, 399-426 беттер).

Біздің қолымызда осы съезге Т. Шонанұлының қатысқаны жайлы дерек жоқ. Бірақ жетекші лингвистің қатыспауы және мүмкін емес. Дегенмен бір моселе анық – коп үзамай түрік халықтары – латын жазуына, арада он жыл отіп кириллицаға – орыс жазуына көшірілді. Міне, осылай жазуымыз үш рет “бауыздалды”.

1994 жылы қазан айында өткізілген “Қазақ тілі мәденистіңе” арналған республикалық мөслихатта Р. Сыздықова былай деп атап көрсетіп, Телжан есімін ресми түрде алғаш рет атады: “емле саласында таусылмай келе жатқан пікірталастарымыз берін орын алып отырған ала-құлалықтардың негізі 1990 жылы кириллицаға көшпестен бұрын оның емле қағидаларын дұрыс түзіп алмағанымызда жатыр. Оған орине, бірінші біздер де, сол кезде жаңа жазуды қабылдаған үрпак, оқілдері де кінолі емес: жау қашқандай үдерек коштік”.

Ахмет Байтұрсынов, Телжан Шонанұлы, Құдайберген Жұбанов сияқты кошбастаушыларымыздың коздерін құртты, қалғандарының өздері естерін жия алмай қалды. Күшік көзінде таланған кейінгі үрпак та жалтақ болып, түбесійлі озгерістерге бара алмай қалды. Енді-енди ес кіріп, етек жия бастаған сотіміз

бұғандері келіп отыр”. (“Ана тілі” газеті, 1994 жылғы 11 қазан).

Ахмет Байтұрсынов, Құдайберген Жұбанов сияқты Телжан Шонанұлы да қазақтың лингвистика ғылымының негізін салушының бірі екені мойындауымызға тұра келеді.

\* \* \*

Телжан Шонанұлын 20-шы жылдары өрбіген тіл төңірегіндегі айтыстардың, пікір алдысулардың бел ортасынан табуға болатын еді. Тіл шешендігі мен ой коссемдігін қатар мәңгерген түлға қайсыбір басқосуларда да белсенділік көрсете білген. Оның баспа жүзін корген “Тіл заңын бұзбау керек”, “Латын әліппесі туралы”, “Әліпби жұмысы”, “Әріп мәселесі туралы айтыс”, “Жана әліппе майданында кезекті мақсатымыз” жөне басқа да ондаған еңбектерінде қазақ тілі мәселелерін жан-жакты қозғаған, өткір ойын пайымдаған.

Бұл саладағы үйімдастыруышылық, қоғамдық сибігі үшан-теніз. Ол жаңа алфавит жөніндегі бүкілодактық комитеттің кезекті пленумында комитет мүшесі ретінде бұлтартпайтын деректерге негізделген хабарлама жасаған. Сол алқа мәжілісінде профессорлар К. Жұбановпен, С. Аспандияровпен бірге академик А. Самойловичтің баяндамасы бойынша қабылданатын қаулы-қарапларды әзірлеу комиссиясына сайланған. Ораз Жандосов жөне басқа да үлт зиялыштарымен бірігіп латын алфавиті жөнінде ашық хатқа қол қойған.

Кейінгі жылдардағы басылымдардан молім болғанындей Т. Шонанұлы тек қазақ тіл білімі мәселелерімен шектелмей, туыстас түрік тілдерінің біразының жоғын жоқтаған есім боп саналады. Бұғанде тоқсанға жақындаған Қазақстанның халық жазушысы Дмитрий Снегинмен бірге 1934 жылы “Ұйғыр поэзиясын” жария стуі, “Ұйғыр емле конференциясының қорытындысы”, “Татар жаңа әліппесі”, “Орта Азияда – Латын Әліпбіі”, “Араб әліппесінің тарихы” сияқты көптеген мақалалар жазуымен туыстас тілдерге де жанашырлық білдірген ғалым-патриот боп танылды.

Шонанұлы слімізде бастауыш білім берудің негізін қалаушылардың бірі. Өзінің оқулықтары, газет-журнал жүзін көрген зерттеу мақалалары арқылы ғалым-методист ретінде козі тірісінде мойындалды. Қазақ педагогикасы институтында жөне Қазақ мемлекеттік университетінде 7-8 жыл бойы қазақ тілінен дөріс оқып, қазақ тіл білімі мен әдістемесін дамытуға үшан-теніз еңбек сінірді.

Фалым-педагогтың мұрасын зерттеу енді-енді қолға алынып жатыр. Бәріне де уақыт сыйншы. Қазак тіліне мемлекеттік мөртебе беріліп, мемлекет аясына алынуымен байланысты тіл білімінің бұлақ-бастауында түрған алыптар қатарында Телжанның да жұлдызы онынан туатын күн жақын, лойім солай болғай.

### Телжан тұзғен тарих

Мектептің бесінші сыныбынан бастап тарих пөні жүрді смес пе. Ол пөн әр сыныпта әр түрлі аталатын. Әлкиссадан “Ерте дүниес тарихынан” оқыдық. Іші-сырты толған құдайлар еді. От құдайы, су құдайы, аспан құдайы... Бәрінің де сақал-мұрты бар-тын. Мұғалім тәптіштеп түсіндіріп, құдайлардың мінез-құлқын, жүргізген соғыстарын таңғажайып ертегіге үқсатып өңгімелейтін еді. Кітаптан оқып, мұғалім ағайдың озі айтқанымен араластырып, қойыртпактап жауап беріп, “торт” пен “бестен” кем баға алмайтынбыз.

Кейін, қашан мектеп бітіргенше, Ресей тарихын оқыдық. Илья Муромец, Олег Попович, Добрыня Никитич үш салт аттыны ұмытқан жоқпын. Дмитрий Донской. Куликово шайқасы. Орыстың князьдары, патшалары, қылышынан қан тамған генералдары. Суворов, Кутузов, Ушаков, Нахимов... орыс-швед, орыс-түрік соғыстары. Сол тарихтың орта жерінде “Орта Азия жөнө Қазақстан” деген екі-үш беттік шолу болушы еді. Мұғалім ол тараудың небәрі бір сағатта “тісін қағып” жіберетін. Қазақ, қырғыз, озбек, түрікмен, қарақалпақ халықтарының откен дәуірде жазба одебиеті болмаганын, ол елдердің шын мәніндегі дәуірлері Ресейге “өз еркімен” қосылғанын кейін ғана басталғанын оқып білдік. Қазақстан феодализмнен капитализмге бірден секіргені, жұмақ өмір, бақытты болашақ, мәдениеттің ғұлденгені содан кейін ғана болыпты-мыс. Осы ертегілерге нандық. Осылай ер жеттік. Нәтижесі белгілі: төл тарихымызды, откенімізді білмейтін үрпақ қалыптасты.

Бүгінгі қазақ мектебінде сліміздің тарихы ерте дәуірден басталып, оқылып жатыр. Балалар сактар, ғұндарды, түрік қағандықтарын, орхон-сенисей жазуларын, Құлтегін, Тонық-көк бабаларын, Аңырақай айқасын, қазақ батырларын, хандарын – бәрін-бәрін оқып-біліп, тарихымен мақтанатын үрпақ қалыптасып жатыр. Бұл Тәуселсіздігіміздің, Кок байрағымыздың арқасы.

Дорігер Санжар Аспандияров, теміржол инженері

Мұхамеджан Тынышбасев ғасыр басында қазақ халқының тарихын жазып, кітап етіп бастырды. Мұхтар Әуезов “Әдебиет тарихын”, А. Байтұрсынов “Моденист тарихын”, Жүсілбек Аймауытов “Психологияны”, Мағжан Жұмабай “Педагогиканы”, дәрігер Халел Досмұхамедұлы Исадай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісін, үндестік заңын жазды. “Мәдениет тарихынан” басқасы жарық көрген. Қазан тоңкерісіне дейінгі дәуірде, “байырғы халқының 98 пайызы су қараңғы, сауатсыз, хат танымайтын деп”, наси-хатталған елде қазақ тілінде 500-ден астам кітап шығарылған. Олардың арасында Абайдың алғашқы шығармалар жинағы, М. Дулатовтың “Оян, қазагы” да бар. Мұны аз десеніз, “Қазақ” газетін, “Айқап” журналын, “Дала уалаятын”, басқа да басылымдарды еске түсіріңіз.

Осы зияллылармен бір кезеңде, бір мезгілде қазақ тарихын түзуге іргелі зерттеу еңбегімен үлес қосқан тұлғаның бірі – Телжан Шонанұлы. Алпыс жыл бойы ұшантеніз мұрасының өдейі ошірілуге жазылған аса білгір азаттың қолымен зерделенген қалың кітаптың Ұлттық кітапхана қорында жалғыз данасының сақталуы нәтижесінде араға жылдар салып, ғасыр басында жазылған кітап қалың оқырманмен қайта табысты.

Телжанның “Қазақ жер мөселесінің тарихы” өз қолымен жазғанына қарағанда, 1923 жылы Орынборда жазылып біткен. Соған қарағанда, Орынбор 1920 жылы Қазақ Автономиялы Республикасының астанасы болып бекітілген соң жазылған сәбек екенін дау жоқ.

Осы кітапты “Санат” баспасы “Жер тағдыры, сл тағдыры” деген жаңа атпен басып шығармадан көп бұрын, Ұлттық кітапхана қорынан танысқанымды оқушы бледі. Кітап араб әрпімен басылғандықтан, ал біз бұл оріптен мақұрым болғандықтан, әр беттің соңында сілтеме әдебиеттің кирилл орпімен берілгенін шүқшиып оку арқылы автордың осы еңбекті жазуға кіріспес бұрын қанша зерттеу жүргізгенін байқадық орі еңбеккөрлігіна таң қалдық.

Шонанұлы орыс тарихының ірі тұлғалары Н. Карамзин, В. Ключевский, А. Левшин, П. Архангельский, А. Седельниковтың еңбектерін, А. Кауфман, Л. Чермак, А. Богданов, Г. Потанин, В. Витевский жазбаларын, отарлау тарихына байланысты құжаттарды, орыс тіліндегі газет-журналдарды, “Қазақ” газетін, ыбырай, Шоқан сәбектерін жеріне жете зерттеген. Э. Тәкеновтың пайымдауына қарағанда, аталған кітапты жазып шығу үшін екі жүзге тарта сәбекпен оқып, танысқан.

Осыған ой түйгенде, кітаптың жазылу тарихы өріден

басталғанға ұқсайды. Шамасы, Телжан кажетті материалдарды студент кезінен қағазға түсіре берген.

Автор қазақ тарихын сол кездің ең күрделі мәселесі бойынша зерттеген. “Мәселенің мөн-жайын шама-шарқымызша толығырақ түсінеміз десек, тарихымыздың ең болмағанда, мұнан екі жұз жыл бұрынғы дәуірінен бастап, бері қарай жолаушыламасақ болмайды”, – деп жазуынан-ақ Телжан негізгі жұмыс объектісі стіп Қазақстанның Ресейге “оз еркімен” қосылуы кезеңін алатынан хабар етеді.

Бұл кезең еркіндікке ұмтылған қазақ халқының Ресей империясы қол астында нокталған тұсы. Тарихы Телжан өз ойын білдіру үшін деректерге тіл бітіреді, дәлелді қолденең тартады. Ол отарлаудың түбінде неге әкелгенін көрсете отырып, “Қазақ жеріне отаршылдардың ұстаган саясаты – қазақ тұрмысын көп озгеріске ұшыратты. Кошпелілерді бірте-бірте жерсіз қалдырып, тақыры мен шолғе иіріп тастан, егін саларлық, отырарлық жерден құралакан қалдырды. Арқадағы аудандарда қазаққа норманы қайта-қайта пішіп, бұларды да қысандыққа түсірді... қазақ жерінің ауданын тұжырып, жерді пайдалану ісіне де зиянын тигізін кетті...” – деген тұжырым жасайды.

Отарлау саясаты жоспарлы түрде жүзеге асырылған жылдарда қазақтың өзі переселенге айналғаны, менинигеп құты шол мен құмнан басқа ешнәрсені қазақ іздең барған жерінен таба алмағаны, қазақтың басы шыртастай қатқыны, барада жер, басар тауы қалмағаны жөнінде автор қинала да, қүнірек де қалам тартады.

Осы кітап отызыға тарта тараудан тұрады. Оны зерттеу, ғылыми туындыға бүгінгі түргыдан лайықты бағасын беру көсіби тарихшылардың үлесі, олардың нағына ортақ болғымыз келмейді. Бірақ кейбір пайымдаулар сұранып тұрган сияқты.

Біз өдебиеттің косеуін косеп жүрген адам ретінде, тарихшының тақырып қоюдағы шеберлігіне таң қалдық. “Ескі заманда қазақ жерімен қалай пайдаланған?”, “Мұжық колонизациясының майданға шығуы”, “Қамалдар салынып, жер алыну”, “Отаршылдардың қазақ жерін талағандағы кимылы мен лебі”, “Тасталған шокпар қошпелі сорлының маңдайына тиеді” – деген тақырыптар кітаптың мазмұнының кең ауқымды екенін бірден ангартады.

“Өкімет (патша үкіметі) XIX ғасырдың 90-жылдарының басынан бері қарай некесіз тугандар, ауыр қылмыстылар, басына бостандық беріп қуып жіберген құлдар, әйтесір соғыс қызметінен жарамсыздар жөне салық толей алмайтындар үшін қазақ жерінен қоныс берген деп келсе, бұрын Жайық